



ҮШ ЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Шымкентте М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғимаратында жұмыссыз жастарды қала аумағында орналасқан индустриалды аймақтардағы кәсіпорындарға жұмыспен қамту мақсатында «Оңтүстік-Қазақстан металлургиялық компаниясы», «Китайско-Казакхстанская марганцевая индустриальная группа», «Шымкент металлургиялық компаниясы-ШМК», «Абайл өндіріс» ЖШС-лері, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасымен өзара бірлескен меморандумға қол қойылды.

Аталған кездесуге М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, т.ғ.д., профессор Д.Қожамжарова, кәсіпорын басшылары, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Б.Нарбекова қатысты.

Жалпы, «Оңтүстік» индустриалды аймақта орналасқан «Китайско-Казакхстанская марганцевая индустриальная группа» ЖШС-гі - металдар мен қорытпаларды сатумен, ал, «Шымкент металлургиялық компаниясы-ШМК» - қара металдардың қалдықтары мен сынықтарын қайта өңдеу, сондай-ақ қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын көтерме саудада сатумен айналысады.

Осыған орай, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының өкілдері жоғарыда аталған кәсіпорындары мен оқу орны басшыларына «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының «Жастар практикасы», «Әлеуметтік жұмыс орындары» және «Алғашқы жұмыс орны» бағыттарымен таныстырды.

Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігіне қызығушылық танытқан кәсіпорындардың басшылығы алдағы уақытта аталған кәсіпорындарға жұмыскерлерді, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің металлург, технолог және т.б. техникалық мамандық түлектерін тұрақты жұмысқа және «Жастар» практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағыттары бойынша мемлекет есебінен ақылы уақытша жұмысқа тартуға келіссөз жүргізді.

Айта кетсек, жыл басынан бері «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 28 286 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланса, бүгінгі таңға дейін 26 013 адам жұмысқа жолданып отыр. Оның ішінде 2 578 адам жастар практикасымен, 347 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 118 адам «Алғашқы жұмыс орындары» жобасымен қаладағы түрлі кәсіпорындар мен мекемелерге жұмысқа орналасты.